

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

жағдайда, екі халықта да әйел бейнесі стереотиптік, яғни танымда қалыптасқан көзқарастар, қарама-қайшылықтар (жақсы әйел – жаман әйел) арқылы беріледі. Осы көзқарастар халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрімен тікелей байланысты болып келеді. Бұл аударма барысындағы сөз семантикасын нақты беруде кейбір келеңсіздіктер мен қиындықтарға алып келуі мүмкін. Оның алдын алу үшін аудармашы халықтың мәдениетімен таныс болуы қажет. Гендерлік жіктелім көрініс табатын мақал-мәтелдерді аудару жолдарын талдай келе, көзқарастар сәйкес болған жағдай баламалы аударма ұтымды тәсіл екендігі анықталды. Ал, егер, мәдени ерекшеліктер орын алатын жағдайда, түсініспеушілік орын алмау үшін сипаттамалы аударманы да қолданған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кирилина А.В. Язык и гендер. – М.: Языки славянской культуры, 2005. – 624 с. – С. 133.
2. Шоқым Г.Т. Гендерлік лингвистика негіздері. – Алматы: Экономика, 2012. – 190 бет.
3. Кейкін Ж. Қазақ мақал-мәтелдерінің алтын кітабы (8675 мақал-мәтел). – Алматы «Аруна» баспасы. – 632 б.
4. Электронды ресурс <http://www.phrases.org.uk/meanings/proverbs.html>

ШЕКСПИРДІҢ МӘНГІЛІК МАХАББАТ ДАСТАНЫ - «РОМЕО МЕН ДЖУЛЬЕТТА» ПОЭМАСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бескемер Акерке

beskemer_a@enu.kz

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушысы, Астана, Қазақстан

Ромео мен Джульетта – екі өзара жау отбасылар Монтеки мен Капулетти тегінен шыққан жас бойжеткен мен бозбаланың махаббаты туралы сыр шертетін, Уильям Шекспирдің 5 актілі трагедиялық шығармасы. Шығарма негізі 1594-95 жылдар аралығында жазылған деп есептеледі. Туындының берілген кезеңнен бұрын жазылуы мүмкін деген болжамның шығуы, ақын шығарманы 1591 жылы жазып бастап, кейіннен араға екі жыл салып аяқтауы мүмкін деген топшылаудан туындаған. Оқиғаның шынайылығы нақты дәлелденбеген, әйтсе де оқиғаның итальяндық үлгісіндегі тарихи белгілер мен тұрмыстық нақыштар вероналық ғашықтардың мұңды махаббатының шынайылығы туралы аздаған хабар беретіндей.

Шекспирдің аталмыш трагедияны жазып шығуы үшін сюжеттік негіз болып, Артур Бруктың *«Ромеус пен Джульеттаның қайғылы оқиғасы»* (Arthur Brooke. *The tragicall Historye of Romeus and Juliet*, 1562) шығармасы алынса керек. Өз шығармасына дейінгі өзге бір пьеса туралы ескертіп айтқанмен, Брук өз шығармасының желісін итальяндық әдебиетші Маттео Марио Банделлоның 1554 жылы жарық көрген «Новеллалардың төрт кітабы» (Matteo Maria Bandello, 1485–1561) жинағында жарық көрген оқиғаның (Часть вторая, новелла IX, изд. в Лукке) французша аудармасынан алған [1].

Бруктың шығармасында сол секілді Джефри Чосердің поэзиясының белгілері де байқалады (Geoffrey Chaucer, 1340–1400, «Troilus and Criseyde», 1561). Банделлоның шығармасы *Луиджи Да Портоның* қаламынан шыққан (Luigi Da Porto, 1485–1529) *«Новонайденная история двух благородных влюблённых и их печальной смерти, произошедшей в Вероне во времена синьора Бартоломео дела Скала»* (Historia novellamente ritrovata di due nobili amanti, 1524) қысқаша туындының кең көлемдегі сипаттамасы болып табылады, онда әдебиет әлеміне Шекспирдің шығармасы арқылы танылған Ромео мен Джульетта (Romeo Montecchi e Giulietta Cappelletti) және өзге де бірқатар кейіпкерлер (Лоренцо пірадар, Маркуччо, Тебальдо, граф ди Лодроне – Джульеттаның жігіті), алғаш рет

төбе көрсетеді. Да Портоның новелласы бірнеше рет Венецияда басылып (1531 және 1535 ж.), (1539 жылы «Джульетта»/Giulietta деген атаумен жарық көрген) оқырмандар арасында ерекше ілтипатқа ие болды. Да Портоның шығармасы бірнеше дереккөздерге сүйеніп жасақталса керек. Олардың қатарында Италияда ертеректе пайда болған бақытсыз ғашықтар туралы оқиға (әдетте Мазуччо Салернитаноның қаламынан шыққан (*Masuccio/Tommaso Guardati*) *Марьомто мен Джанноция туралы оқиға*, 1476 айтылады), өзара қырғиқабақ отбасылар туралы сөз қозғалғанда – Данте ақынның «Божественная комедия»(*Dante Alighieri, 1265–1321. Divina Commedia, Purgatorio, Canto VI*) шығармасына иек артылады. Автор сол секілді сюжеттің кей бөліктерін ауыз әдебиетінен алып, бірқатарын өз жанынан қосуы да мүмкін еді (тарихшы *Сесила Клафа/Cecil H. Clough*сөздеріне сенсек, новелланың сюжетінде айтылған Луиджи Да Порто и *Лючина Саворньянның/Lucina Savorgnan*, қатынастары да негіз болуы мүмкін). [2]

Өзге елдердегі секілді, Ресейде де Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» пьесасы 1782 жылы жазылған Луи Себастьян Мерсьенің аудармалары арқылы белгілі болды. Ал бұл аударманы орыс 1790 жылы В. Померанцев және 1827 жылы А. Ротчев аударды. Соңы бақытты болып бітетін бұл қойылымдар сахнадан көрсетілді. Кейіннен аудармалардың барлығы Шекспир жазған түпнұсқаға негізделі бастады. У. Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» трагедиясы орыс тіліне бірнеше нұсқамен аударылған. Оны аударғандар қатарында: И. Расковшенко 1839 ж., Н. Греков 1862 ж., Д.Л. Михаловский 1888 ж. мен 1899 ж. аралығы., А.Л. Соколовский 1894 ж., Аполлон Григорьев 1902 ж., А. Радлов 1934 ж., Б. Пастернак 1943 ж., Т. Щепкина-Куперник 1957 ж. Жақын арада жасалған аудармалардың қатарына Екатерина Савич пен Осия Сороканың тәржімаларын жатқызуға болады. Шекспирдің жаңадан шығарылып жатқан орыстілді кітаптарында, заманауи театрлық қойылымдар мен кинотүсірілімдерде Борис Пастернак жасаған аударма кеңінен пайдаланылып жүр. Одан сәл ғана уақыт бұрын Татьяна Львовна Щепкина-Куперник жасаған аударма үлкен сұранысқа ие болған еді. Бірқатар ғалымдар әлі күнге Щепкина-Куперниктің аударма нұсқасына жүгінуді жөн санайды. Бұлай болатын себебі, Пастернак ақынның тәржімасында ерікті аудармаға көп жол берілген, шығарманың кейбір тұстарын ол мүлдем қайта жазып шыққан секілді көрінеді. Орыс халқының табиғатына жақын "покамест", "барышня" сөздерінің пьесада көп пайдаланылуының өзі шығарманы түпкілікті орыстандырып, оның үстіне оны заман ағымынан тыс, ескі қалыпта көрсетеді. Ал Щепкина-Куперниктің аудармасы бұл ретте барынша тиянақты көрінеді: ол түпнұсқаның мәнерін де жақсы сақтайды, сөздер мен теңеулердің де сәйкес нұсқаларын пайдалана біледі. Мәселен, мына бір атақты тармақ: "Good pilgrim, you do wrong your hand too much, wich mannerly devotion shows in this..." Щепкина-Куперниктің аудармасында "Любезный пилигрим, ты строг чрезмерно к своей руке, лишь благочестье в ней ..." бейнесі мен дыбысталуы жағынан ұқсас көрінсе, Пастернак оны былайша аударады: "Святой отец, пожатье рук законно. Пожатье рук - естественный привет..." Оның аудармасында жалпы мағына берілгенімен, ырғақ мүлдем сезілмейді. Егер Шекспир "пилигрим" сөзін пайдаланған болса, және оны орыс тілінде пайдалануға толық мүмкіндігіміз болса, онда неге сол мүмкіндікті пайдаланбасқа? Оның үстіне өзі жас, өзі албырт жігітті «киелі әкей» немесе монах деу, Джульеттаны «киелі ана» деп атау мүлдем ерсі секілді.

Пастернак ақынның аудармасында тағы да бір қиюы келмеген теңеу ретінде синьора Капулеттидің қызы Джульеттаға Паристің құда түсуі жайлы баяндап жатқан тұсын алуға болады: "Speak briefly, can you like of Paris' love?" Ал Джульетта оған былай деп жауап береді: "I'll look to like, if looking liking move..." Щепкина-Куперник бұл жолдарды былай аударады: "Как смотришь на любовь его, ответь." - "Я постараюсь ласково смотреть..." Пастернактың аудармасында: "Ну как, займешься ль ты его особой?" - "Еще не знаю, надо сделать пробу..." – екі жезөкше әйелдің арасындағы әңгіме сияқты елестейді.

Әрине, жасалған тәржімалардың барлығынан да қандай да бір кемшіліктер табылып жатады. Соңғы жылдары аудармашылар арасында көркем аударманы ерікті және әдемі жасаудан жүрексінгендер дәл аудармаға көп иек артып жүрген жайы бар. Әйтсе де осындай

әрекеттердің салдарынан кейбір қойылымдардағы Шекспирдің кейіпкерлері толықтай заманауи кейіпке еніп кеткен. Ал Шекспир – жай ғана әрекеттердің жиынтығы емес, ол өзіндік эпитеттері бар, өзіндік ырғақ пен, сазға ие тамаша әлем. Ақын тілінің тамашалығын толыққанды ұғындыру үшін ағылшынтілді елдердің көбісінде Шекспирдің ескі ағылшын тіліне еш өзгеріс енгізілмей, сол қалпында қойылымдарда ұсынылып келеді.

Қазақ тіліне шекспирдің «Ромео мен Джульетта» трагедиясын атақты жазушы, ақын Әбіш Кекілбаев аударған болатын.

Аударма барысында трансформациялардың дәл аударылуы

Two households both alike in dignity, In fair Verona where we lay our scene) екі жол аудармасында біріктірілген.

Веронаның екі дүрдей ығайы мен сығайы [3]

Аудармашы түпнұсқаны жеткізу барысында екі жолды біріктіруді жөн деп тапқан. Әйтсе де бұл әрекет жырдың желісін бұзып тұрған жоқ. Керісінше, қазақ табиғатында «шен, шекпен», «мырзалық» сөздерімен сәйкестендірілетін «ығай мен сығай» сөздерін пайдалану арқылы шығарманы қазақ оқырманына бір табан жақындата түскен. Салыстыру үшін жырдың орысша нұсқаларын жасаушы авторлардың жұмыстарына көз жүгіртіп көрелік. «Две равно уважаемых семьи, В Вероне, где встречаются нас события» [4] және «Две знатные фамилии, равно, Почтенные, в Вероне обитали» [5]. Орыс тіліндегі қос нұсқаның екеуінде де екі отбасы қоғамдағы ең сыйлы, құрметті адамдар ретінде көрсетілсе, қазақ ақыны «ығай мен сығай» тіркесін пайдалану арқылы отбасылардың жағымсыз бейнелерін сипаттап отырғандай әсер қалдырады. Яғни шығарманы алғаш бастап оқыған адамның көз алдына өркөкірек, менмен ақсүйектердің елестейтіні айқын.

Is now the two hours' traffic of our stage

Сәл шыдаңыз, екі сағат уақыт деген сөз боп па!

Қазақ тіліндегі аударманы жасаушы ақын түпнұсқа мәтінінің авторы, мәтіннің орысша нұсқаларын жасаушы авторлардың үлгілеріне (Проя у вас на два часа терпенья [55]; На два часа составят существо, Разыгрываемой пред вами были [48] сүйене отырып, өлең жолдарын айна-қатесіз келтірген. Поэманың пьесалық үлгісінің мәнерін сақтаушы жолдардың дәлме-дәл қалыпта аударылуы заңдылық та іспетті, өйткені аталмыш жолдар трагедияның театр сахнасында орындалғандығын дәлелдейді.

I strike quickly being moved

«Қанымды қыздырса, қанжарымды қалай суырып алғанымды өзім де білмей қалам» [41], «Я скор на руку, как раскипчусь» [4], «Я хочу сказать, что когда нас рассердят, мы живо выхватим мечи из ножен» [5]; Тіркестердің барлығы да ағылшынтілді нұсқаның айна-қатесіз аудармасы болып табылады. Яғни ақынның кейіпкеріне айтқызып сөздері орыс тілінде де, қазақ тілінде де керемет үйлестікпе аударылған. Бұл шығарманың бірден-бір ұтымдылығының белгісі.

How! turn thy back and run?

«Ол не дегенің? Сен осы өкшенді жалтыратқалы тұрғаннан амансың ба?» [3] «Это еще что за разговор? Как! Струсить и показать пятки?» [4], «Да ты убежишь!» [5]; бұл жолы ақындардың барлығының ойы бір жерден шыға білген. Яғни орыстілді аудармашылар да, қазақ тіліне тәржімалаушы да Шекспирдің түпнұсқадағы мәтінін дәлме-дәл аударып берген.

As is the bud bit with an envious worm

Откуда этот неотступный мрак
Хочу понять и не пойму никак [4]
Коль кто его советом не спасет,
Не устранил его тоски причину [5]
Себебің білсем
Жеп жатқан оны жегінің [3]

Аталмыш аудармадан орыс тіліндегі аудармашыларға қарағанда, қазақ аудармашысының түпнұсқа мәтініне жақын аударманы жүзеге асырғандығын байқай аламыз. Расында, ағылшын нұсқасындағы «envious worm» теңеуінің қазақ тіліндегі «жегі құрт» теңеуімен үйлесім табуы мәтіннің ассоциативті аудармасы жүзеге асырылғандығын бейнелейді.

Good – morrow cousin

Қайырлы таң, Ромео! [3]

Кузен мой, с добрым утром [5]

Ромео, с добрым утром [4]

Қазақ аудармашысының тағы да орыс мәтініне сүйенгендігі көрінеді. Яғни Шекспирдің жазуындағы «cousin», «жиен» сөзінің аудармасы көрсетілмеген, оның орнына аудармашы Ромео деп атаумен шектелген. Әйтсе де бұл күнде қолданыстан шығып кеткен «morrow» сөзін аударуда үш аудармашының үшеуі де қателеспеген.

Is the day so young?

Таң да атып қалып па еді! [3]

Разве утро? [4]

Разве рано? [5]

Тіркес мағынасына сәйкес дұрыс аударылған. Әйтсе де Шекспирдің жазуындағы «**Is the day so young?**» тіркесінің поэтикалық нұсқасын тауып аудару шығарманың көркемдігін аша түсер еді.

**Alas, that love, so gentle in his view,
Should be so tyrannous and rough in proof!**

Көрер көзге момақан бұл махаббат

Зұлымдық көрсе,

Қас асаудай қасарысып қалар қашаннан бергі әдегі [3]

О, эта кроткая на вид любовь

Как на поверку зла, неумолима! [4]

Подобная любовь,

Прекрасная по виду, быть должна

Так тяжела, мучительна на деле [5]

Кейде шумақтардың бір тілден екінші тілге аударылуы үйлесімді түрде жүзеге асады. Мәселен, жоғарыдағы шумақтың орысша аудармалары да, қазақш аудармасы да әуелгі ойды нақты және әдемі жеткізіп тұр, яғни аудармашының міндеті толық орындалған.

Here's much to do with hate, but more with love.

Өліп-өшіп сүйген де азап.

Өліп-өшіп жек көрген де азап [3]

Вот какова, и хуже льда и камня,

Моя любовь, которая тяжка мне [4]

О, любовь

Жестокая! о любящая злоба! [5]

Ә.Кекілбаевтың аудармасы орыс тілі арқылы жасалғанымен де, кей кезде ол өзінің орыс тіліндегі дереккөзін аттап өтіп, түпнұсқа авторымен ой түйінdestіріп жататын тұстары бар. Мәселен, жоғарыдағы мысалда Пастернак та, Михайловский де махаббатты суреттеумен шектелсе, Кекілбаев махаббат пен жек көру сезімдерін қарсы қойып суреттейді. Міне, осылай ол Шекспирдің негізгі айтпақ ойын сабақтай түседі. Бір ғана айырмашылығы, Шекспир жек көруден гөрі, махаббаттың азабы көбірек болады десе, Кекілбаев екі сезімді бірдей деңгейде суреттейді.

Good heart, at what?

Ол неге, достым? [3]

О чем же это, добрая душа? [5]

О чем, дружок? [4]

Түпнұсқа мәтіні мен аудармалардың арасында әрдайым дәл аударманың берілуі маңызды нәрсе емес. Аудармашы қандай да бір мәтінді тәржімалау барысында оның құрылым эстетикасына да назар аударғаны жөн. Мәселен, Шекспир Бенволионың аузына «**Good heart**» сөзін салады. Егер дәл осы сөзді мағынасына сәйкес аударар болсақ, «ақкөңіл, аңқылдақ» атты сын есімдерге тап келеміз. Әйтсе де, сөздің шумақта қаратпа ретінде қызмет атқарып тұрғандығын есепке алар болсақ, «ақкөңілім» деудің орнына «достым» дегеннің әлдеқайда жарасымды көрінетіндігін түсіну оңай. Сол себептен, мұны қазақ аудармашысының ұтқыр шешімі деп атауға болады.

У.Шекспирдің «Ромео мен Джульетта» поэмасының ағылшын тіліндегі нұсқасы мен оның Ә.Кекілбаев жасаған қазақша аудармасын талдау барысында бірқатар өзгерістер мен ауыстырулар бар екендігіне көз жеткіздік. Мұндай ауытқулардың болуы тілдер, мәдениеттер мен ұлттар арасындағы мінез-құлық айырмашылықтарына байланысты болатындығы дәлелденді. Халықтардың күнделікті тіршілік қалпы мен салттарындағы айырмашылықтар анықталып, сәйкес түсініктемелер берілді.

Сол секілді, қазақ түсінігіне жат, мүлдем таныс емес жайттар мен ұғымдарды зерттеп, түсіну арқылы олардың алдағы уақытта жасалатын аудармалар барысында берілген материалдың қалай тәржімалануы қажеттігі туралы ұсыныстар мен пікірлер де қамтылды;

Қазақ аудармашысы Ә.Кекілбаевтың өз туындысын орыс ақыны Борис Пастернактың «Ромео мен Джульетта» шығармасының желісіне сүйеніп жазғаны белгілі. Сол себептен біз талдау жұмысын жүргізу кезінде Б.Пастернактың жұмысын және орыстың танымал аудармашысы Михайловскийдің аударма мәтіндерін салыстыру ретінде пайдаландық, нәтижесінде Михайловский ақынның аудармасы оқиғаның Шекспир жазған түпнұсқасының формасына негізделіп, дәл аударылғандығын, ал Пастернактың аудармасы көп жағдайда еркін аудармаға құрылғанын анықтадық. Сәйкесінше, «Ромео мен Джульетта» шығармасының қазақша нұсқасынан да бірқатар сәйкессіздіктер табылып жатты. Әйтсе де, егер біздің мақсатымыз құрылымдық емес, мазмұндық аударманы тану болса, таңдалған шығармалардың барлығы да махаббат оқиғасының сюжетін шынайы қалпында келтіргенін көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://www.wikipedia.com>
2. "Язык и стиль Шекспира" в сборнике "Из истории английского реализма". Изд. Академии наук СССР. М.-Л., 1941.
3. Шекспир Уильям. Отелло. Асауға тұсау. Гамлет. Ромео мен Джульетта. Король Лир. Сонеттер. – Астана, 2004. – 688 б.
4. Шекспир У. Сонеты / Пер. С. Маршака. – Шекспир У. Полн. собр. соч., в 8-и томах. – М.: Искусство, 1960, Т.8 – С.427-504.
5. <http://www.shakespeare-online.com>

УДК 81'255

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ТЕРМИНОВ ГОСТИНИЧНОГО БИЗНЕСА

Бикенова Асель Багдатовна

kushina_95@mail.ru

Студент специальности «Переводческое дело» ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана,
Казахстан Научный руководитель – к.ф.н., доцент Бейсембаева Ж.А.

Резкий скачок технологического прогресса привел к появлению новых понятий, которым необходимо было дать название. Интернационализация торговли и процесс глобализации вызвали необходимость эквивалентной терминологии на разных языках. Формулирование и распространение новых идей стало причиной появления новых слов и